

**«БЕКІТЕМІН»**  
**«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС директоры**  
**Н. Ыбырайым**  
 « 06 » қазан 2023 жыл



**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары**

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары және оны орындау жөніндегі іс-шаралар бойынша ұсыныстар	Орындалу формасы	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
<b>1. Құқықтық қызмет бойынша</b>				
1.	Серіктестік қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы сақтау мәселелері бойынша профилактикалық іс-шаралар өткізу	Хаттама	ӘБ	2023 жыл, қараша
2.	Серіктестіктің Әкімшілік бөлімінің меңгерушісіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар өткізу жөніндегі міндеттерді бекіту бойынша Серіктестіктің мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатына өзгерістер енгізу	Директордың бұйрығы	ӘБ	2023 жыл, қазан
3.	Жоғары аудиторлық палатамен бірлесіп мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында зерттеулер жүргізу бойынша келісім-шарт негізінде көрсетілетін	ЖАП-ға хат	ӘБ, ЗББ	2023 жыл, қазан

	қызметтердің нақты орындалуын растау үшін техникалық оқытуға қатысқан қатысушылардың тізімін әзірлеу			
4.	Серіктестіктің штаттық қызметкерлерімен азаматтық-құқықтық шарт жасасу кезінде толық емес жұмыс кестесін белгілеу туралы еңбек шартына қосымша келісім рәсімдеу	Директордың бұйрығы	ӘБ	Тұрақты түрде
<b>2. Персоналды басқару бойынша</b>				
5.	Жұмыстан шығарылатын/шығатын қызметкерлерге кету себептері, құрылымдық бөлімшенің корпоративтік мәдениеті, құрылымдық бөлімше ішіндегі қатынастар бағасы көрсетілетін сұхбат түріндегі сауалнама әзірлеу	Директордың бұйрығы	ӘБ	2023 жыл, қараша
6.	Үміткерлерді балдық жүйе негізінде бағалауды регламенттеу бойынша Серіктестіктің жұмысқа қабылдау және кадр резервін қалыптастыру қағидаларына өзгерістер енгізу	Директордың бұйрығы	ӘБ	2023 жыл, қараша
7.	Жұмысқа қабылдау және кадр резервін қалыптастыру қағидаларына сәйкес жұмысқа қабылдаудың барлық рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету: 1) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде үміткерлерден сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны немесе жасамағаны туралы мәліметтері бар анықтаманы сұрату; 2) Конкурстық комиссия мүшелерінің әрбір үміткерге бағалау парақтарын толтыруын талап ету;	Әкімшілік бөлімінің кадр жұмыстары туралы жартыжылдық есебі	ӘБ	Тұрақты түрде

	<p>3) әрбір жарияланған лауазым үміткерлерімен сұқбаттасу күніне дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссия мүшелерімен қойылатын сұрақтар тізбегін бекіту;</p> <p>4) Серіктестіктің құқықтық актілерін уақтылы өзектендіру (біліктілік талаптарына сәйкес конкурс үміткерлеріне қойылатын негізгі талаптар);</p> <p>5) конкурс өткізу туралы хабарландыруларды және сол конкурстардың нәтижелерін интернет-ресурсының «Бос орындар» бөлімінде орналастыруды және одан әрі «Хабарландырулар мұрағатына» ауыстыруды қамтамасыз ету</p>			
<b>3. Зерттеу жұмысы</b>				
8.	Конкурстық іріктеуге негізделген мемлекеттік аудит саласында зерттеулер жүргізу бойынша бірлескен орындаушыларды тарту туралы ережені бекіту	Директордың бұйрығы	ӘБ, ЗББ	2024 жыл, қаңтар
9.	21.06.2017 жылғы №83-н/қ «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» ШЖҚ РМҚ шығыстар лимиттері мен нормативтерін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бұйрығын өзектендіру	ЖАП-ға хат	ӘБ, Бас бухгалтер	2024 жыл, ақпан
<b>4. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру</b>				
10.	ҚР Жоғары аудиторлық палатасына 2024 жылға арналған білім беру қызметтері туралы шартта мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының кадрларын қайта даярлау курстары	ЖАП-ға хат	ӘБ, КДБ	2023 жыл, қараша-желтоқсан

	бойынша дәріскерлердің кандидатураларын қарау және келісуге жолдау мерзімдерін белгілеу туралы ұсыныс жіберу			
11.	Серіктестіктің басқа ақпараттық желілеріне қосылмайтын емтихан модульдеріне арналған жергілікті компьютерді анықтау және осы компьютерге рұқсаты бар жауапты тұлғаларды тағайындау	Директордың бұйрығы	АО, ҚДБ	2023 жыл, қараша
12.	Емтихан комиссиясының құрамын жыл сайын ауыстыруды жүзеге асыру	Директордың бұйрығы	ӘБ, ҚДБ	жыл сайын
13.	Қайта даярлау курстарынан сәтті өтуі мақсатында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының кадрларына базалық білім, біліктілік және дағдылар алу үшін, біліктілікті арттыру курстарында алдын ала оқыту бойынша Жоғары аудиторлық палатасына ұсыныс жіберу	ЖАП-ға хат	ҚДБ	2023 жыл, желтоқсан
<b>5. Серіктестікте мұрағаттық құжаттарды сақтауды ұйымдастыру.</b>				
14.	Ведомстволық мұрағат және сараптама комиссиясы туралы ережелерді бекіту	Директордың бұйрығы	ӘБ	2023 жыл, желтоқсан

**Қысқартулар:**

ЖАП – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы;

ӘБ – Әкімшілік бөлімі;

ЗББ – Зерттеулер және болжамдау бөлімі;

ҚДБ – Кәсіптік даму бөлімі.